

Мешелова Азат¹, Кенжакимова Гүлнар²

¹PhD докторанты, әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасы,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан,
e-mail: azat.meshelova@gmail.com., тел.: +7 701 454 6349

²әлеуметтану ғылымдарының кандидаты, әлеуметтану және
әлеуметтік жұмыс кафедрасының доцент м.а., әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы қ., Қазақстан, e-mail: sociokaz2010@mail.ru, тел.: +7 702 379 5770

БАЛАЛАР ҮЙЛЕРІНІҢ ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРІНІҢ ЕҢБЕК ЖОЛЫН ТАҢДАУ СТРАТЕГИЯЛАРЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Қазіргі уақытта жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың бәсекелестікке сай болуы олардың мамандығының сұранысқа ие болуы, әлеуметтік-еңбек дағдысы, бейімделу мүмкіншілігі олардың еңбек қызметін ұйымдастыру сапасымен тікелей байланысты болады. Мақалада жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалармен балалар үйі жағдайында жұмыс әдістеріне қатысты отандық және шетелдік авторлардың еңбектері қарастырылады. Мақаланың мақсаты жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың мамандықтар мен жұмысқа орналасу жайында қажетті ақпарат алуға жағдай жасайтын кәсіп жолын таңдау стратегияларын қалыптастыруға бағытталған жұмыстың ерекшеліктерін зерттеу. Мақала барысында балалар үйінің тәрбиеленушілері игеруі тиіс дағдылар туралы айтылады. Әлеуметтік диагностика мен жобалау әдістері қарастырылып, кәсіби кеңес беру маңыздылығы ескеріледі. Авторлар бұл әдістер мен технологияларды балалар үйі жағдайында жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалармен жұмыс істеу барысында қолдануды ұсынады. Кәсіби стратегияларды қалыптастырудың келісілген жүйесі жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалармен жұмыстың нәтижесінің артуына себепші бола алады. Авторлар ең бастысы бала өз болашағын жобалай білуі және өмірлік маңызы бар шешімдерді қабылдай білуі қажет деген қорытындыға келеді.

Түйін сөздер: кәсіп жолын таңдау, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, тәрбие, балалар үйлері, балалар үйлерінің тәрбиеленушілері, жобалау, диагностика.

Meshelova Azat¹, Kenzhakimova Gulnar²

¹PhD student, department of sociology and social work, Al-Farabi Kazakh National University,
Almaty, Kazakhstan, e-mail: azat.meshelova@gmail.com, tel.: +7 701 454 6349

²candidate of sociological sciences, a.a. associate professor of the Department of Sociology and Social Work,
Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, e-mail: sociokaz2010@mail.ru, tel.: +7 702 379 5770

Theoretical basis of strategies of orphanages professional choice

In modern conditions competitiveness of children-orphanages in the future labour activity is defined by the presence of a demanded profession, a socio-labour competence and adaptability and it directly depends on quality of the organization of their vocational counseling. The paper deals with the works of domestic and foreign authors concerning methods and rules for working with orphans in orphanages. The purpose of the article is to study the specifics of the work aimed at forming a strategy of professional choice in orphanages, which is a combination of methods and technology that allows the child to obtain the necessary information about the types of profession and employment opportunities. In the course of the article, the skills and abilities that children in orphanages should possess are considered. The methods of social diagnostics and design are studied, the importance of professional counseling is noted. The authors propose to use these methods and technologies in the practice of working with orphans in

orphanages. The coordinated system of formation of the strategy of professional choice allows to significantly increase the effectiveness of work with orphans. Summarizing the results of the authors emphasize the fact that children need to be taught to project their own future, make vital decisions.

Key words: professional choice, orphans, education, orphanages, social desing, diagnostics.

Мешелова Азат¹, Кенжакимова Гүлнар²

¹PhD докторант, кафедра социологии и социальной работы,
Казахский национальный университет им. аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан,
e-mail: azat.meshelova@gmail.com., тел.: +7 701 454 6349

²кандидат социологических наук, и.о. доцента кафедры социологии и социальной работы,
Казахский национальный университет им. аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан,
e-mail: sociokaz2010@mail.ru, тел.: +7 702 379 5770

Теоретические основы стратегии профессионального выбора воспитанников детских домов

В современных условиях конкурентоспособность детей-сирот в будущей трудовой деятельности определяется наличием востребованной профессии, социально-трудовой компетентности и адаптивности, а значит, напрямую зависит от качества организации их профессиональной ориентации. В статье рассматриваются труды отечественных и зарубежных авторов, касающиеся методов и правил работы с детьми-сиротами в условиях детских домов. Цель статьи – изучить специфику работы, ориентированной на формирование стратегии профессионального выбора у детей-сирот, которая представляет собой совокупность методов и технологии, что позволяет ребенку получить необходимую информацию о видах профессии, о возможностях трудоустройства. В ходе статьи рассматриваются навыки и умения, которыми должны владеть воспитанники детских домов. Изучены методы социальной диагностики и проектирования, отмечается важность профессионального консультирования. Авторы предлагают использовать данные методы и технологии в практике работы с детьми-сиротами в условиях детских домов. Согласованная система формирования стратегии профессионального выбора позволяет значительно повысить результативность работы с детьми-сиротами. Подводя итоги, авторы выделяют то обстоятельство, что детей необходимо научить проектировать свое будущее, принимать жизненно важные решения.

Ключевые слова: профессиональный выбор, дети-сироты, воспитание, детские дома, воспитанники детских домов, проектирование, диагностика.

Кіріспе

Балалар үйінде тәрбиеленушілердің тұлғалық-кәсіби дамуының құрылымы мен мазмұнын объективті түрде жасақтап, тәрбиеленушілердің тәрбие беру мен білім беру процестерін (орта білім беру, еңбекке баулу, кәсіби бағытталу, бастапқы кәсіби білім беру, жұмысқа тұру) тұлғалық, әлеуметтік және кәсіби қасиеттерін қалыптастыратын дайындық кеңістігін құру қажеттілігі өз өзектілігін жоғалтқан жоқ. Ол тұлғаның қоғамға пайдалы кәсіби қызмет етуіне бағытталуы үшін жеке психофизикалық ерекшеліктеріне негізделетін болады. Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік қорғаудың негізгі алғышарттарының бірі – олардың болашақта еңбек жолын тауып, өзін-өзі және жақындарын қамтамасыз етуге бағытталған еңбек стратегияларын дұрыс қалыптастырып, олардың мақсатты түрде жұмыс істеуін қажет етеді (Prisiazhnaia N. V 2008. 23-39). Отандық және шетелдік ғалымдар еңбектері арасында

осы мақсатта жүргізілетін жұмыстың түрлі үлгілері ұсынылады. Қазақстандық тәжірибеде балалар үйлерінің тәрбиеленушілерінің кәсіби даярлығының толыққанды болмауы, олардың белсенді түрде қоғамдық өмірге араласа алмауына алып келуде (Эфа С.В. 2006). Ақпаратпен қажетті деңгейде қамтамасыз етілмеуі олармен әлеуметтік бағытталған жұмыстың дұрыс жүргізілмеуімен байланысты, бұл олардың алдағы уақытта олардың қоғамнан өз орнын табуына кері әсер етеді.

Балалар үйлерінде жүргізілетін әлеуметтік жұмыс балалардың кәсіби бағытталуына және әрбір баланың кәсіби потенциалын ашуына әсер ететін тиімді технологияларды қажет етеді. Балалар үйінің тәрбиеленушілерінің тарапынан әлеуметтік фобия, қоғам тарапынан стереотип сынды психологиялық кедергілердің жойылуы шарт. Балалар үйінің тәрбиеленушілері оқушы кезінен бастап өз мақсаттары мен кәсіби қызметі туралы стратегияларын қалыптастыру бойынша мақсатты жұмыс істеуді қажет етеді (Testcenter.kz.). Олар моральды түрде де, психологиялық

түрде де, физикалық түрде де ересек өмір мен өзін-өзі қамтамасыз ету үшін дайындық жұмыстарына мұқтаж.

Әдістер мен деректер

Мақала барысында балалар үйлерінің тәрбиеленушілерінің кәсіп жолын таңдауына қатысты әдістер мен технологияларды қолдану мәселелері талданады. Баланың жасөспірімдік шақтан бастап болашақ мамандығы мен қызметін жобалауы, оған сай шешім қабылдау қажеттілігі талданады. Баланың белгілі кәсіби салаға икемділігін анықтау мақсатында қолданылатын диагностика әдісі туралы қарастырылады.

Негізгі бөлім

Әдебиеттерді талдау

Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларда өмірлік, соның ішінде кәсіби стратегиялардың қалыптасуы кезінде әлеуметтік ұстаным мен құндылықтық бағдарлардың болмауы олардың қоғам азаматы және еңбек етуші ретінде өзін-өзі идентификациялауына кедергі болады. К.Д. Давыдова «әлеуметтік ұстаным» және «құндылықтық бағдарлар» түсініктерін былай байланыстырады: 1. Әлеуметтік ұстаным – әлеуметтік орта, мотивтер мен қажеттіліктердің негізінде қалыптасатын әлеуметтік объектілерге фиксацияланған бағыт. Әлеуметтік ұстанымның негізін (бағыттың) индивидтің, жеке адамның, белгілі бір топтың және қоғамның өткен тәжірибелері құрайды. 2. Құндылықтық ұстаным – субъект пен қауымдастыққа маңызды қоғамның материалды және рухани мәдениеті. Құндылық ұстаным – қоғамның рухани және материалды мәдениетінің объектісіне бағытталған субъект пен қауымдастық үшін маңызды әлеуметтік ұстаным. 3. Құндылықтық бағдарлар құндылыққа қатысты тұлғаның таңдау көзқарасын сипаттайтын тұлғаның құндылықтық ұстанымдар жүйесі (Давыдова К.Д. 1975. 488). Ол тұлғаның бағытталуын нақты анықтайтын иерархиялық ұйымдастырылған құрылым.

Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар құндылықтың қалыптасуы кезінде оған негізделетін қоршаған ортамен, мәдени жағдайдан алшақ болғандықтан, құндылықтың қалыптасуы да изоляцияланған түрде жүзеге асып, шектеліп қалады. Сондай-ақ аталған жағдайда жетім балалардың құндылығын құраушы субъект әлеуметтік мекемелер болады. Әлеуметтік мекемелер балаларға

құндылықтардың қалыптасуы үшін базалық қажеттіліктерді қанағаттандыра алмайды. В.А. Ядов қызметі, қажеттіліктері, ұстанымдары бойынша айырмашылығы бар диспозициялар жүйесін 4 деңгейге бөліп қарайды. В.А. Ядов қажеттіліктерді адамның әлеуметтік қызметіндегі түрлі салаларды меңгерулеріне байланысты классификациялайды:

1. Адам қажеттілігін қанағаттандыратын бірінші орта – отбасы.

2. Келесі кезең адам байланыс құратын, әрекет ететін кішкентай топ.

3. Келесі кезең адам еңбегімен, демалысымен, тұрмыс-тіршілігімен байланысты қызмет түрі.

4. Ең соңғы кезең индивидтің қоғамның мәдени және идеологиялық құндылықтарын игеруі (Ядов В.А. 2005. 102). Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалармен жүргізілетін әлеуметтік жұмыс механизмі осы қажеттіліктер мен өзге жастардың кәсіби стратегияларының ерекшелігін басты назарға ұстай отырып жүзеге асырылуы тиіс. В.А. Ядов көрсеткен құндылықтың қалыптасуына себепші болатын алғашқы фактор, яғни отбасы жетім балалардың өмірінде жоқ болады. Сондықтан әлеуметтік жұмыс барысында оның орны білім беру, әлеуметтік және тәрбиелік жұмыс жүргізу барысында отбасыда қолданылатын қарапайым дағдыларды игеруіне себепші болуы керек.

Балалар үйлерінің тәрбиеленушілерінің қоғам өміріне әлеуметтенуі мен интеграциялануына дайындығын диагностикалау мынандай диагностикалық әдістер арқылы жүзеге асады: анкета, әңгіме, А. Алтынцева ұсынған «Түлектің өмірлік өзін-өзі анықтау деңгейін бағалау» атты диагностикалық картасы». А. Алтынцеваның (Джугля Е.В. 2017 43) «Аяқталмаған сөйлем» әдісі, саралау (ранжирование), мәселелі жағдайларды шешу, эксперттік бағалау, А. Позднякованың «Мектеп жасындағы балалардың өмірлік қағидаларының қалыптасу өлшемін бағалау» анкетасы, Ч. Спилбергтің өзін-өзі бағалау бойынша енгізген әдістемесі, Роджерс Даймондтың (Carl R. 2014). «Тұлғаның әлеуметтік-психологиялық бейімделуі» атты сауалнамасы, Б. Аджиевтің «Өз-өзінің конфликтілік жағдайдағы мінез-құлқын бағалау» атты өзін-өзі тестілеуге арналған әдісі арқылы диагностикалық зерттеу жүргізуге мүмкіндік бар.

Володина өз тұжырымында баланың кәсіби стратегияларына шығармашылық тұрғыдан қарау керек делінеді. Баланы кәсіп жолына бағыттау жұмыстарын тренингтер, шығар-

машылық туындылар жазу арқылы қалыптастыру туралы жазады (Vegener O.R. 2011).

Аталған тақырыпты қарастыра келе, Бернард Жак-Уиллиннің «Бізге берілген балалар. 150 жыл балаларға қызмет ету тарихы» кітабында баланың немесе жасөспірімнің жас кезден кәсіп жолын таңдауы – оның болашақ өміріне (материалды әл-ауқаты, тұлғалық дамуы, тұрғылықты жеріне) тікелей әсер ететіндігін айтады. Мұндай таңдау жасау үшін балаға өз болашағын жобалай білуі қажет (болашақ өмірдің түрлі нұсқаларын модельдей білу керек, ол оның болашақтағы қалауының жобасын қамтуы керек. Бұл жоба баланың болашақта өзін кім деп жоспарлауы (көбіне ол бейне оны мотивациялайтын бейне болып табылады) өмірлік маңызды құндылықтар жүйесін құрауы тиіс (Bernard J. 1972). Көріп отырғанымыздай, болашақ өмірдің бейнесінен бөлек балада оған жетудің әдістері болуы керек. Ол – мамандық алудағы қадамдар, жақсы маман болуы үшін қажетті дағдыларды дамыту сияқты әрекеттерге негізделеді. Балалар үйлерінің тәрбиеленушілерінің өмір жағдайы өзгеше болғандықтан, олардың дүниетанымын кеңейтуге, ақпаратты өз бетінше ізденуіне ерекше жағдай жасау керек. Осы жайлы заманауи түрік ғалымы Азид Нурвахид «баланың өз болашағын қалыптастыру үшін оның өмір туралы нақты түсінігі болуы керек. Өмір жайлы түсінік деп отырғанымыздың ішінде мамандық түрлері туралы білуі де жатады» дейді (Azi N.H 2016. 17-32). Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларда ақпарат көздері шектеулі: олар отбасыаралық қатынастардан толық немесе жартылай шеттетілген. Април Маттиксның пікірінше, профессионалды өзін-өзі қалыптастыруда бала өзінің қоғамға дұрыс әлеуметтенуі үшін өзін белгілі бір салаға өзін арнай алуы, баланың тұлғалық және кәсіби қалыптасуы бір жағынан әлеуметтік жағдай мен әлеуметтік ортаға байланысты стихиялық түрде жүргенімен, екінші тұсынан арнайы ұйымдастырылған кәсіби қызметтің ықпалы арқылы жүреді дейді (Mattix A.A. 2012). Өзін-өзі қалыптастыруға қабілет баланың күнделікті өмірінде де, тәрбиешілердің олармен жүргізген мақсатты жұмысының нәтижесінде де қалыптасуы мүмкін. Оны зерттеу баланың күнделікті өмірінде кездесетін жағдайлардағы мінез-құлқын психологиялық және педагогикалық тұрғыдан бақылауға негізделеді.

Әлеуметтік жұмыс, әлеуметтік педагогика мамандары осы мақсатта сатылай жүргізілетін жұмыстың алгоритмін алға қоюы керек.

Сунцова ұсынатын тұжырым түрлі әдістер арқылы баланың белгілі бір мамандыққа қызығушылығын кәсіби диагностика жасауға арналған (Сунцова Я.С. 2010). Ол кәсіби өзін-өзі қалыптастыру – адамның өзі қабылдаған кәсібилік критерийлерінің негізінде болуы керек дейді. Ол өз мансап жолын таңдау, өз қуаты мен тұлғалық мүмкіндіктерін сол салаға арнау екендігін айтады. Кәсіп жолын таңдау кезеңі адамгершілік, психологиялық, тәжірибелік тұрғыдан даярлануына мүмкіндік береді дейді. Демек, балалардың қалыптасуы жай ғана бір күнде шешіле салатын мәселе емес, баланың табиғатын, оның ерекшелігін ескере келе, қалауларын назарға ала отырылып шешілуі тиіс мәселе. Л.Н. Кабардова баланың белгілі бір кәсіби салаға бейімділігі туралы қорытынды жасамас бұрын, оның сол салада өзін-өзі сәтті жүзеге асыра алатындығына және кәсіби дағдыларды игере алу мүмкіншіліктеріне назар аудару керектігін жазады (Шеховцова Л.Ф. 2006. 176). Көріп отырғанымыздай, алдымен тұлғаның ерекшеліктерін, оның ішінде құндылықтық бағдарларын, ептілігін, қабілетін, кәсіби бағытталуын, қызығушылықтарын, қажеттіліктерін, мамандық таңдаудағы мотивтерін, денсаулық жағдайын, темпераментін, мінезінің ерекшеліктерін анықтау керек.

Бұл тұста шешім қабылдау алгоритмі болуы қажет. Мұндай алгоритмдердің бірнеше моделі бар. 1965 жылы Дж. Крумбольтц негізгі кәсіби стратегиялардың 6 кезеңін бөліп көрсетті (Krumbolt J.D. 2008. 135).

1. Шешім қабылдаудың мүмкін нұсқаларын жинақтау. Бұл кезеңде бала өзі шешім қабылдағалы отырған мәселе бойынша мүмкіндігінше көп (жаһандық немесе жеке (*президент болу немесе жай ұста болу*), шынайы немесе шынайы емес (*жебеуші періште немесе адамдарға көмекші болу*), бір мақсатқа негізделген немесе негізделмеген) нұсқаларын анықтау және ол бойынша ақпараттануы тиіс. Бұл идеялардың барлығын қағазға түсіріп және бастапқы талдауға салу керек.

2. Шешім қабылдаудың әр нұсқасы бойынша ақпарат жинақтау. Жиналған ақпарат қаншалықты толық болса, мәселені шешу жолының қаншалықты дұрыс немесе бұрыс екендігі туралы шешім қабылдау да жеңіл болады. Ақпарат жинау кезеңінде кейбір идеялар теріске шығарылады.

3. Әрбір баламада сәттілік мүмкіншілігін бағалау. Бұл кезеңде «Мен іс жүзінде осы

нұсқаны жүзеге асыра аламын ба?» деген сұраққа жауап алынады.

4. Әрбір баламаның адамның құндылықтары мен мақсаттарымен байланысы. Кейде мәселенің ең сәтті шешім жолының өзі адамның өмірлік қағидаларына, этикалық нормаларына, өмірлік мақсаттарына сай келмей жатады. Сондықтан да бұл кезеңде осы факторлардың барлығын есепке алатын шешім жолын таңдауға бағытталады.

5. Нақты әрекет жоспарын құру және мәселені шешудің жолына кері әсер ететін немесе кедергі келтіретін факторларды анықтау.

6. Жаңа мүмкіндіктер мен дамуға әрекеттер жоспарын құру. Бұл шешім қабылдаудың ең маңызды кезеңдерінің бірі. Адамның әрқашан перспективалы мақсаттары болуы керек. Осы жағдайда ғана оның дамуы тежелмейді. Сондықтан да перспективалық даму саласындағы мәселелерді ұдайы шешіп отыру керек, сондай-ақ, ол дамуға кедергі келмірмеуі шарт. Шешім «тығырыққа тірелген» болмауы тиіс. Осылайша, кәсіп жолын таңдау кезінде қалыптасқан жағдайдың факторларын жан-жақты есепке ала отырып, тиімді шешім қабылдау үшін бала нақты дағдылар мен қасиеттерге ие болуы керек. Олардың ішінде: қызығушылық, үйренуге деген талпыныс, ақпарат қабылай алу, алдын ала болжай білу, мақсат жүзеге аспаған жағдайда тез арада оған балама таңдай білу, саналы түрде ойлау, бар ақпаратты мәселемен біріктіре отырып бағалау, табандылық, қабылданған шешім үшін өз жауапкершілігін сезініп қолға алу сынды қасиеттерді игеруі шарт (Zeer E.F. 2016. p7791-7802).

Егер бұл жұмысты құндылықтардың қалыптасуы мысалында қарастырар болсақ, құндылықтар мінез-құлықты бағалаудың стандарты болып табылады. Құндылық күрделі жағдайда қалыптасады (Iwillteachyououtoberich.com.). Оның қайнар көзі – баланың ортасындағы адамдар. Балалар үйлерінің тәрбиеленушілерінің құндылықтар қалыптасуына үлгі болатын жақындары, отбасы болмайды. Сондықтан да олар жанындағы өзге балалар мен өзін қоршаған үлкендерді қайталайды. Сол себепті балаларға балалар үйінен тыс үлкен азаматтармен қарым-қатынас жасауына бағытталған жобалардың маңызы үлкен. Мәселен осы тұста Қазақстанда соңғы екі жылда жүргізіліп келген «Наставники» жобасының маңызы туралы айтуға болады. Осы жоба арқасында елдің 4 аймағында 80-ге жуық бала тұрақты түрде эмоционалды және психологиялық көмек алуда. Бұл жоба жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған

балалардың ерікті үлкендермен қарым-қатынас жасау арқылы өмірлік потенциалын ашуға бағытталған. Тәлімгер балаға өзіне, өз күшіне деген сенімділігін арттыруға көмектеседі, өмірдің мақсатын түсініп, олардың жүзеге асуына өзін жауапкершілігін сезінуге мүмкіндік береді (Мешелова А.О. 2017. 57). Тәлімгерге кандидаттар мотиві, қызығушылығын есепке ала отырып, дәрістер тыңдағаннан кейін іріктеліп алынады (dara.kz). Жобаның ең басты кедергісі – тәлімгерлердің тұрақсыздығы. Ереже бойынша тәлімгерлер жобаға 1 жылға келеді, егер барлығы жоспарлағандай болса, әрі қарай жұмыс істейді. Алайда тәлімгерлердің көпшілігі түрлі себептермен балалардан байланысын үзеді. Бұл балада қайталанған депривацияны тудырып, өзін-өзі бағалауы мен өзгелерге деген сенімін азайтады.

Талқылау және нәтиже

Балалар үйінің тәрбиеленушілері ғана емес, барлық балалардың еңбек жолын таңдау стратегиясының қалыптасуының тағы бір артықшылығы – өмірге басқа көзбен қарап, тек өз мінезі мен ситуациясына сай құндылықтар жүйесін қалыптастыру. Бұл стратегияның қалыптасу барысында балаға шексіз қамқорлық жасамай, оның өз бетінше шешім қабылдауына жағдай жасау керек. Кәсіп жолының стратегиясының қалыптасуына бірінші кезекте тұлғаның қызығушылығы мен қажеттілігін қамтитын мотив әсер етеді (Hernandez L. 2016 193-207). Ол мотивтерді дәйекті (танымдық сипаттағы, мамандықтың маңыздылығын дәріптейтін) немесе дәйексіз (мамандықты қиялдау, оның белгілі артықшылықтарына қызығу, ешбір мотивсіз таңдау және т.б.) болуы мүмкін. Мамандықты таңдаудың мотивін анықтау нақты адамның нақты еңбек жолын таңдауына себепші болғанын анықтауға мүмкіндік береді. Ол біріншіден, тұлғаның объективті құндылықтарға көзқарасын анықтауға жағдай жасайды. Сондай-ақ кәсіп жолын таңдауда адамның қабілетінің орны да ерекше. Қабілетті анықтау күрделі емес: тәрбиеленушінің қабілеті бар іс, оның сол іске уақытын өз еркімен көбірек жұмсап, өз қалауымен еңбектенуі екендігін өз еңбегінде Генриетта Джустен жазады (Joosten H. 2013. 548-563). Егер адам жасаған жұмысынан белгілі бір нәтиже көрер болса, оның осы іске икемі бар деп айтуға болады. Қабілет – адамның білім, дағды алудың сәтті жүруін қамтамасыз ететін адамның психологиялық ерекшелігі. Қабілеттік

негізгі белгілері бала жаңа үйренген нәрселерді қаншалықты тез қабылдайтындығына, оның икемділігі қаншалықты жетіледі, осы қызметте қаншалықты жылдам нәтижеге қол жеткізетіндігіне байланысты болады.

Кәсіп жолын таңдау кезінде берілетін кеңес беру көбіне жеке көмек көрсетуге бағытталады (Mwoma T. 2015. 1092). Кәсіби бағытталаудың теориялық негіздері бойынша 3 түрін бөліп көрсетуге болады.

1. Даярлау мақсатындағы кәсіби кеңес беру тәрбиеленушілердің саналы түрде мамандық таңдауына бағытталады және баланың балалар үйінде болған уақытын тұтас қамтиды.

2. Қорытындылаушы кәсіби бағытталаудың мақсаты – баланың қызығушылығы, қабілеті және психофизиологиялық ерекшеліктеріне сәйкес көмек көрсету.

3. Нақтылаушы кәсіби бағыттау мектеп, мекемеден кейін кәсіби білім мекемелерінде, кәсіпорындарда тәжірибе арқылы жүргізіледі.

Кәсіби бағыттаудың барлық түрлері әртүрлі жолмен жүреді, балаларды мамандық таңдауға дайындығын баланың өзін өзі бағалауы мен тұлғаның жақсы қасиеттерін дамытпай қолға алу мүмкін емес. Бірінші типке жататын кәсіби бағыттау дамытушы сипатқа ие (Algadheeb N.A. 2015. 13-38) Оны мынандай жоспар бойынша жүргізу ұсынылады:

- баланың қызығушылықтарын, мүмкіндіктері мен шектеулерін оның өмір және кәсіп жолы туралы жоспарларын талқылау;
- балаға мамандықтар, оны таңдау жолдары, оқу орындары туралы түсіндіру;
- ұсынылған ақпаратты талқылау;
- мамандық таңдаудың барлық нұсқаларын талдау және талқылау.

Кәсіби бағыттаудың екінші түрі ұсыныс жасаушы сипатқа ие және баланың денсаулығы таңдаған мамандығына сәйкес келуі, оған психологиялық тұрғыдан дайындығы туралы негізгі мәселелерді шешеді (Черняева М.Г. 2011). Кәсіби бағыт берудің келесі кезеңі маман болып қалыптасу кезеңінде жастардың нақты шешім қабылдауына бағытталып жүреді.

Кәсіби таңдау кезінде адамның кәсіби жарамдылығы анықталады. Оны адам жұмысқа тұрар кезде немесе мансап тұрғысынан өзгерістер болған кезде мекемелер мен кәсіпорындар жүргізеді (Cardon P.W. 2015. 215-230). Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды кәсіби даярлауға қатысатын субъектілердің бір-бірімен байланысы – ол еңбек қызметіне және баланың алдағы уақытта білім

алуына жағдай жасайтын мақсатқа бағытталған процесс болып табылады.

Кәсіби даярлықтың субъектілерінің өзара байланысы келесі себептермен шартталады (Bikbulatova V. et al. 2016. 8599-8605):

– балалар үйінің тәрбиеленушілері балалар үйлерінің түлегі болған кезде ол тәрбие берудің объектісі (кей жағдайда субъектісі) болып табылады және ол түрлі білім беру және әлеуметтік құрылымдардың ықпалына ұшырайды, олардың іс-әрекеті бірі-біріне қарама-қайшы болмауы керек;

– жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланың мәселесін шешу мақсатында жұмыс істейтін мамандардың жұмысын ұйымдастыру және ол арқылы сәтті әлеуметтік бейімделуіне, өз кәсіп жолын таңдауына себепші болу;

– балалар үйлеріндегі балалардың, жеке балалардың кәсіп жолын – жұмыс таңдауына, әлеуметтенуіне жағдай жасайтын ортақ мақсаттар мен міндеттерді анықтау, мамандардың функциялары мен міндетін бөлу;

– балалар үйлерінің тәрбиеленушілерін жан-жақты әрі терең зерттеудің және бала туралы онымен жұмыс жасайтын субъектілер тарапынан олардың кәсіп жолын қалыптастыруда қолдау көрсетуге қажетті ақпарат алу мүмкіндігі;

– жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың кәсіп жолын таңдау стратегиясын қалыптастыру бойынша жүргізілетін жұмыстың мақсаттары мен міндеттерінің орындалу сәттілігі;

– баланың кәсіп жолын таңдауы мақсатында жұмыс істейтін субъектілердің идея толықтырып, олардың кәсіби тұрғыдан белсенділігін арттыруына себепші болу.

Жетім балалардың жеке өмірге және маман ретінде дағдыларының қалыптасуын диагностикалау бала балалар үйінде өмір сүріп жатқан кезде де, одан шыққаннан кейін де ұйымдастырылады. Әдетте екі міндет тобы өз шешімін табуы тиіс (Лоза Т.А. 2014).

1) баланың әлеуметтік дамуының деңгейін зерттеу; түрлі салалардағы (тұрмыстық, білім алу, әлеуметтік, жеке өмірге дайындығын анықтау, тұлғалық және кәсіби анықталу), тәрбиеленушілерде қоғамға позитивті бейімделуіне бағытталған әлеуметтік дағдылардың қалыптасу деңгейін анықтау;

2) балалар үйінен шыққаннан кейін уақытылы баспанамен қамтамасыз ету бойынша атаулы көмекті алуы, еңбек нарығына қажетті мамандық алуы, алғашқы жұмысқа тұруы мен

сол жұмыс орнында тұрақталуы бойынша қоғамға сәтті бейімделуі деңгейін зерттеу.

Баланың қоғамға дұрыс әлеуметтеніп, еңбек жолында өзін-өзі табуы мына көрсеткіштермен қатар жүреді:

1. Баланың физикалық тұрғыдан дайындығы (салауатты өмір салтын сақтау мәдениеті).

2. Педагогикалық дайындығы (білім алуғағы біліктілігі). Әлеуметтік дайындығы (әлеуметтік қатынастар саласындағы дағдылары, отбасылық қарым-қатынастардағы біліктілігі).

3. Кәсіби-еңбек дайындығы (кәсіби, еңбек қатынастарындағы біліктілігі).

4. Психологиялық дайындығы (тұлғалық біліктілік, коммуникативті дағды, бос уақытты пайдалану дағдысы).

5. Жалпы әлеуметтік-психологиялық бейімделудің жоғары және орта деңгейі (Мудрик А.В. 2007).

Балалар үйінің жағдайында жоғарыда аталған әдістер мен тәсілдердің қайсыбірінің болмасын маңызы үлкен. Балалардың кәсіп жолын қалыптастыру функциясы балалар үйлерінің қызметкерлеріне ғана емес, мемлекет болып, қоғам болып атсалысуды қажет етеді. Қазақстанда жыл сайын жалпы мемлекеттік гранттардың 1% құрайды. 2016 жылы 487 өтініш білдірген жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардан 487 талапкер (оның ішінде квота бойынша 401 бала) грант алды (Testcenter.kz). Көріп отырғанымыздай, Қазақстан жағдайында жетім балалардың жоғары білім алуына мүмкіншілік бар. Бірақ интернаттардан жыл сайын түлеп ұшатын 1000-ға жуық жас азаматтарды дұрыс ақпараттандырып бағыт-бағдар беру қажет.

Қорытынды

Қорытындылай келе, балалар үйінің тәрбиеленушілерінің кәсіби стратегияларын қалып-

тастыру бойынша ғалымдардың еңбектері қарастырылып, олардың ұсынған модельдерін зерттей келе, олардың кешенді түрде бір-бірімен тығыз байланыста жүзеге асу қажеттілігі анықталды.

1. Қазақстандағы балалар үйлерінің тәрбиеленушілерінің еңбек стратегияларын қалыптастыруға бағытталған қызмет түзетулер мен толықтырулар енгізуді қажет етеді. Мәселен, бізде диагностика әдісі кәсіби деңгейде мүлдем қолданылмайды (studopedia.ru), ол үшін бірнеше балалар үйлеріне бір уақытта қызмет көрсете алатын, кеңес жұмыстарын жүргізетін психоаналитик кәсіби мамандар болуы қажет. 14-15 жастан бастап балаларға танымдық дәрістер, экскурсиялар жүргізілуі керек.

2. Балалармен жұмыста келесі мәселелер басты назарда болуы тиіс. Бала өз болашағын жобалай білуі қажет. Әлеуметтік жұмыс субъектілері баланы түрлі мамандықтармен таныстырып, қызығушылықтарын арттыруы тиіс. Бала шешім қабылдауға үйренуі керек. Ол мына алгоритм бойынша жүзеге асады: шешім қабылдаудың мүмкін нұсқаларын жинақтау; шешім қабылдаудың әр нұсқасы бойынша ақпарат жинақтау, әрбір баламада сәттілік мүмкіншілігін бағалау; әрбір баламаның адамның құндылықтары мен мақсаттарымен байланысы; нақты әрекет жоспарын құру және мәселені шешудің жолына кері әсер ететін немесе кедергі келтіретін факторларды анықтау; жаңа мүмкіндіктер мен даму әрекеттерінің жоспарын құру.

3. Балалардың еңбек жолын таңдау стратегияларының қалыптасуында олармен жеке-жеке жұмыс істеудің рөлі үлкен. «Big Brothers, Big Sisters» (bbbs.org.) «Наставники» сынды жобалардың кең ауқым алуын қамтамасыз ету керек. Мұндай жобалар баланың үлкен адамдармен қарым-қатынас жасауына ғана емес, өзін тұлғалық, кәсіби тұрғыдан идентификациялап, жүзеге асыруына мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

- 1 Algadheeb N. A. (2015) Professional/Career Orientation, Awareness, and Their Relationship to Locus of Control Journal of College Teaching & Learning, v12 n1 p13-38
- 2 Azi N.H; Yaacob A. (2016) Enriching Orphans' Potentials through Interpersonal and Intrapersonal Intelligence Enrichment Activities. International Journal of Instruction. Usak University, College of Education, Ankara Izmir Yolu.v9 n1 p17-32 Jan.
- 3 Bernard J. (1972)The Children You Gave Us: A History of 150 Years of Service to Children. Bloch Publishing Co., Inc., 31 W. 31 St., New York, N.Y.
- 4 Bikbulatova V. et al. (2016) Professionalization of an Individual Involved in the Educational Process in a Higher Education Institution International Journal of Environmental and Science Education, v11 n15 p8599-8605
- 5 Cardon P.W.; Philadelphia M. (2015) The Role of Motivational Values in the Construction of Change Messages Business and Professional Communication Quarterly, v78 n2 p215-230

- 6 Carl R. R., Rosalind F. D.(2014) *Psychotherapy and Personality Change. Co-Ordinated Research Studies in the Client-Centered Approach* Chicago: The University of Chicago Press.
- 7 Iwillteachyoutoberich.com. Considering a career in consulting? Avoid these 5 stupid mistakes <http://www.iwillteachyoutoberich.com/blog/considering-a-career-in-consulting-avoid-these-5-stupid-mistakes/>
- 8 Prisiazhnaia N.V, (2008) *Orphan Children: Adjusting to Life after the Boarding Institution* Russian Education and Society, v50 n12 p23-39 .
- 9 Hernandez L.; Oubrayrie-Roussel N.,(2016) *Prêteur Yves Educational Goals and Motives as Possible Mediators in the Relationship between Social Support and Academic Achievement* European Journal of Psychology of Education, v31 n2 p193-207 .
- 10 Inform.kz. In Kazakhstan 90-95% of orphanage children in need of treatment by a psychotherapist
- 11 http://www.inform.kz/en/in-kazakhstan-90-95-of-orphanage-children-in-need-of-treatment-by-a-psychotherapist_a2598967
- 12 Joosten H. (2013) *Learning and Teaching in Uncertain Times: A Nietzschean Approach in Professional Higher Education* Journal of Philosophy of Education, v47 n4 p548-563
- 13 Krumbolt J. D. (2008) *Journal of Career Assessment* . 17; 135,
- 14 Mattix A. A.(2012) *The Orphan among Us: An Examination of Orphans in Newbery Award Winning Literature* . ProQuest LLC, Ph.D. Dissertation, University of Pittsburgh
- 15 Mwoma T., Pillay J. (2015) *Psychosocial Support for Orphans and Vulnerable Children in Public Primary Schools: Challenges and Intervention Strategies* South African Journal of Education, v35 n3 p.1092
- 16 Vegener O.R. (2011) *Orienting technical and vocational education and training for sustainable development* .UNESCO-UNEVOC International Centre for Technical and Vocational Education and Training Bonn, Germany, p-68.
- 17 bbbs.org . What’s New from Big Brothers Big Sisters <http://www.bbbs.org/>
- 18 Zeer E. F. , Bragina I. (2016). *Valuable and Professional Orientations as a Social and Psychological Resource of Development of a Modern Worker* . International Journal of Environmental and Science Education, v11 n15 p7791-7802
- 19 Давыдова К.Д. (1975) *Социальная установка как психологический феномен*// *Социальная психология и философия*. – М.: Наука, 1975. – 488 с.
- 20 Джугля Е. В. (2017) *Диагностика готовности воспитанников школ-интернатов к самостоятельной жизни в социуме* научный форум: педагогика и психология № 4 (6) Апрель 2017 г. Москва
- 21 Лоза Т.А. (2014) *Диагностика уровня готовности старших подростков к самостоятельной жизни в условиях детского дома семейного типа* //Педагогический дискурс, выпуск 17 2014 / Pedagogical Discourse, Volume 17.
- 22 Мешелова А.О., Кенжакимова Г.А. (2017) *Казахстанская модель борьбы с сиротством: проблемы и перспективы*. Научный форум: педагогика и психология № 4 (6). М.
- 23 Studopedia.ru.Методы диагностики профессиональной пригодности http://studopedia.ru/10_194230_metodi-diagnostiki-professionalnoy-prigodnosti.html
- 24 Мудрик А.В. (2007) *Социальная педагогика / А.В. Мудрик // Социальная педагогика*. – [Шестой изд., перераб. и доп.]. – М.
- 25 Dara.kz . О проекте Наставники <http://dara.kz/proekty/nastavniki/>
- 26 Сунцова Я.С., сост.(2010) *Диагностика профессионального самоопределения*. Ижевск
- 27 Шеховцова Л.Ф., Шеховцов О.В. (2006) *Психологическое сопровождение выбора профессии в школе: учебное пособие*. – СПб.: ООО Издательство «Северо-Запад». – Ростов н/Д.: Издательство «Феникс», 176 с.
- 28 Черняева М.Г. (2011) *Профессиональная ориентация детей-сирот в условиях государственно-общественного взаимодействия*. Калининград.
- 29 Эфа С.В. (2006) *Проблема ценностей и ценностных ориентаций в философской и психологической литературе*.
- 30 Ядов В.А. (2005). *Социальные трансформации в России: теории, практики, сравнительный анализ*. – М.: Флинта. – 330 с.
- 31 Testcenter.kz. 2016 жылдың білім беру гранттарының конкурсын өткізу қорытындысы бойынша ақпарат <http://www.testcenter.kz/entrants/grant-results/>

References

- 1 Algadheeb N. A. (2015) *Professional/Career Orientation, Awareness, and Their Relationship to Locus of Control* Journal of College Teaching & Learning, v12 n1 p13-38
- 2 Azi N.H; Yaacob A. (2016) *Enriching Orphans’ Potentials through Interpersonal and Intrapersonal Intelligence Enrichment Activities*. International Journal of Instruction. Usak University, College of Education, Ankara Izmir Yolu.v9 n1 p17-32 Jan.
- 3 Bernard J. (1972)*The Children You Gave Us: A History of 150 Years of Service to Children*. Bloch Publishing Co., Inc., 31 W. 31 St., New York, N.Y.
- 4 Bikbulatova V. et al. (2016) *Professionalization of an Individual Involved in the Educational Process in a Higher Education* Institution International Journal of Environmental and Science Education, v11 n15 p8599-8605
- 5 Cardon P.W.; Philadelphia M. (2015) *The Role of Motivational Values in the Construction of Change Messages* Business and Professional Communication Quarterly, v78 n2 p215-230
- 6 Carl R. R., Rosalind F. D.(2014) *Psychotherapy and Personality Change. Co-Ordinated Research Studies in the Client-Centered Approach* Chicago: The University of Chicago Press.

- 7 Iwillteachyoutoberich.com. Considering a career in consulting? Avoid these 5 stupid mistakes <http://www.iwillteachyoutoberich.com/blog/considering-a-career-in-consulting-avoid-these-5-stupid-mistakes/>
- 8 Prisiazhnaia N. V. (2008) Orphan Children: Adjusting to Life after the Boarding Institution Russian Education and Society, v50 n12 p23-39 .
- 9 Hernandez L.; Oubrayrie-Roussel N. (2016) Prêteur Yves Educational Goals and Motives as Possible Mediators in the Relationship between Social Support and Academic Achievement European Journal of Psychology of Education, v31 n2 p193-207 .
- 10 Inform.kz. In Kazakhstan 90-95% of orphanage children in need of treatment by a psychotherapist
- 11 http://www.inform.kz/en/in-kazakhstan-90-95-of-orphanage-children-in-need-of-treatment-by-a-psychotherapist_a2598967
- 12 Joosten H. (2013) Learning and Teaching in Uncertain Times: A Nietzschean Approach in Professional Higher Education Journal of Philosophy of Education, v47 n4 p548-563
- 13 Krumbolt J. D. (2008) Journal of Career Assessment . 17; 135,
- 14 Mattix A. A. (2012) The Orphan among Us: An Examination of Orphans in Newbery Award Winning Literature . ProQuest LLC, Ph.D. Dissertation, University of Pittsburgh
- 15 Mwoma T., Pillay J. (2015) Psychosocial Support for Orphans and Vulnerable Children in Public Primary Schools: Challenges and Intervention Strategies South African Journal of Education, v35 n3 p.1092
- 16 Vegener O.R. (2011) Orienting technical and vocational education and training for sustainable development . UNESCO-UNEVOC International Centre for Technical and Vocational Education and Training Bonn, Germany, p-68.
- 17 bbbs.org . What's New from Big Brothers Big Sisters <http://www.bbbs.org/>
- 18 Zeer E. F. , Bragina I. (2016). Valuable and Professional Orientations as a Social and Psychological Resource of Development of a Modern Worker . International Journal of Environmental and Science Education, v11 n15 p7791-7802
- 19 Davydova K.D. (1975) Sotsial'naya ustanovka kak psikhologicheskii fenomen // Sotsial'naya psikhologiya i filosofiya. [Social Institution as a Psychological Phenomenon // Social Psychology and Philosophy.] – M.: Nauka, 1975. – 488 с.
- 20 Dzhuglyia EV (2017) Diagnostika gotovnosti vospitannikov shkol-internatov k samostoyatel'noy zhizni v sotsiume nauchnyy forum: pedagogika i psikhologiya [Diagnostika gotovnosti vospitannikov shkol-internatov k samostoyatel'noy zhizni v sotsiume nauchnyy forum: pedagogika i psikhologiya [Diagnostics of readiness of pupils of boarding schools for independent life in society Scientific Forum: Pedagogy and Psychology] № 4 (6) M. 2017
- 21 Loza T.A. (2014) Diagnostika urovnya gotovnosti starshikh podrostkov k samostoyatel'noy zhizni v usloviyakh detskogo doma semeynogo tipa // Pedagogicheskiy diskurs, vypusk 17 2014 [Diagnostics of the level of readiness of older teenagers for independent living in a family-type children's home]/ Pedagogical Discourse, Volume 17.
- 22 Meshelova A.O., Kenzhakimova G.A. (2017) Kazakhstanskaya model' bor'by s sirotstvom: problemy i perspektivy. [Kazakhstan model of struggle against orphanhood: problems and prospects.] Nauchnyy forum: pedagogika i psikhologiya № 4 (6).M.
- 23 Studopedia.ru. Metody diagnostiki professional'noy prigodnosti [Diagnostic methods for professional fitness] http://studopedia.ru/10_194230_metodi-diagnostiki-professionalnoy-prigodnosti.html
- 24 Mudrik A.V. (2007) Sotsial'naya pedagogika / A.V. Mudrik // Sotsial'nayapedagogika. [Social pedagogy] – [Shestoy izd., Pererab. I dop.]. – M.
- 25 Dara.kz . O projekte Nastavniki [About project Mentors] <http://dara.kz/proekty/nastavniki/>
- 26 25. Suntsova YA.S., sost. (2010) Diagnostika professional'nogo samoopredeleniya [Diagnosis of professional self-determination]. Izhevsk
- 27 Shekhovtsova L.F., Shekhovtsov O.V. (2006) Psikhologicheskoye soprovozhdeniye vybora v shkole: Uchebnoye posobiye [Psychological support of the choice of profession in school: Textbook]. – SPb .: OOO Izdatel'stvo «Severo-Zapad». – Rostov n / D .: Izdatel'stvo «Feniks», 176p.
- 28 Chernyayeva M.G. (2011) Professional'naya oriyentatsiya detey-sirot v usloviyakh gosudarstvenno-obshchestvennogo vzaimodeystviya [Professional Orientation of Orphans in the Conditions of State-Public Interaction.]. Kaliningrad.
- 29 Efa S.V. (2006) Problema tsennostey i tsennostnykh oriyentatsiy v filosofskoy i psikhologicheskoy literature. [The problem of values and value orientations in the philosophical and psychological literature.]
- 30 Yadov V.A. (2005). Sotsial'nyye transformatsii v Rossii: teorii, praktiki, sravnitel'nyy analiz. – M .: Flinta. – 330p.
- 31 Testcenter.kz. 2016 zhyldyn bilim beru granttarynuñ konkursyn otkizu korytyndysy boynynsha akparat [Results of the competition of educational grants for 2016] <http://www.testcenter.kz/entrants/grant-results/>